


имеющих большое влияние на все аспекты жизни, включая искусство и воспитание. Тем более, что видеогри и музыка для них, имея огромную и непрерывно растущую аудиторию, реальную силу своего воздействия, безусловно, в перспективе могут быть задействованы и в положительной культурной значимости а потому заслуживают более подробного и детального изучения.



А. Бердібай¹²

Музыкатану және композиция кафедрасының аға оқытушысы,

Т. Жүргенов атындағы ҚҰӨА-ның докторанты

¹ *Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы*

² *Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы*

(Алматы, Қазақстан)

ӨЗ ЗАМАНЫ МУЗЫКАСЫНЫҢ ШЕЖІРЕШІСІ

Қазақстан Республикасы еңбек сіңірген қайраткері, өнертану кандидаты, профессор Алтын Сәлімқызының есімі республикамыздағы музыкалық өнерді дәріптейтін қауымның ішінде кеңінен белгілі. Шығармашылық жолын сонау 1950-ші ж.ж бастаған ұстаздың еңбегіне ең басты мінездеме берілсе, ол кісіні «Кеңестік дәуірде және одан кейінгі ширек ғасырда академиялық бағыттағы ұлттық музыкамыздағы композиторлық өнер шежірешісі» деп айтуға толық негіз бар.

Өткен ғасырдың 30-шы ж.ж.-нан бастау алған жазба бағытындағы барлық көрнекті композиторларымыздың шығармашылығы қашан да А. С. Кетегенованың назарында болды. Олардың қаламынан шыққан үлкенді-кішілі музыкалық шығармаларға, суреткерлік келбетіне бірде анықтамалық, бірде кең көлемдегі шығармашылық портрет немесе монография ретіндегі еңбектерін арнаған Алтын Сәлімқызы өз заманында дүниеге келіп жатқан музыкалық шығармаларды, олардың жасаушыларын дер кезінде өнер сүйгіш қауымға таныстырып насихаттауға көп күш-жігерін жұмсады. Композиторымызға арналған бірқатар жинақтардың құрастырушысы әрі редакторы болып, өзінің әртүрлі буындағы және әр аймақтағы әріптестері-отандық музыкатанушылармен тығыз-қарым қатынас жасағанда, ғалым-ұстаз музыка авторларының шығармашылық келбетінің кеңірек ашылуын қалады. Олардың кең немесе аз танымал болуына байланыссыз, барынша объективті кәсіби көзқарастың болуына көңіл бөлді. Әсіресе, бір кезде «жас немесе орта буын композиторлары» болып есептелгендіктен, ешбір жинаққа, оқу құралына кірмей қалған, бүгінде аға буын болған композиторларымыздың шығармашылығына мән беріп,